

Б.С.Жұмағұлов¹ Д.И.Салқынбек² Е.Н. Ермұқанов³

¹Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Қазақстан, Алматы, jumagulov-bolat@mail.ru,

²Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор
Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Қазақстан, Алматы, salkynbek.dosaly@mail.ru,

³Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Қазақстан, Алматы, ermukan_erkin@mail.ru

ЕЛІМІЗДЕГІ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШТЫҚ: СЕБЕБІ МЕН САЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Кеңес өкіметі орнағаннан кейін еліміз зұлмат аштықты үш рет бастан кешкенін, оның себептері мен салдарлары талданады.

1921-1922 жылғы қуаңшылыққа «әскери коммунизмі» саясатының да ауыл шаруашылығына аса ауыр соққы болып, ашаршылықтың өрістей түсуіне әкелген еді. Азаматтық қарсы тұру жылдарында халықтың қыруар азық-түлігі ешбір ақысыз мемлекет пайдасына алынуының да зардабы болмай қалған жоқ. Әсіресе, Орал, Орынбор, Қостанай, Бөкей, Ақтөбе губернияларында қуаңшылықтан мал басы көптеп қырылды. Жергілікті тұрғындар аштыққа ұшырады. Панасыз қалған балалардың жағдайлары ауыр болды. Ел арасында түрлі жұқпалы аурулар өршіп, өлім-жітім көбейді. Республикада денсаулық сақтау орындарының жағдайы сын көтермеді. Бұған азық-түлік салығын жинаудағы жергілікті басшылардың бассыздығы, бандалық топтардың әрекеттері қосылды. Орын алған аштыққа автономия басшылығы біршама іс-шаралар жүргізді. Жер-жерлерде ашыққандарға көмек комиссиялары құрылды. Панасыз балалар балалар үйі мен арнайы орындарға, тіпті басқа республикалар мен шет мемлекеттерге де орналастырылды.

Елдегі аштыққа көмекке Қызыл крест ұйымы және Америка әкімшілік көмегі де араласты. Үш жылға жуық созылған аштық зардаптары өте ауыр болды. Бұл жылдары шамамен аштықтан 1 миллионнан астам қазақ халқы қаза тапты.

Түйін сөздер: аштық, әскери коммунизм саясаты, қуаңшылық, азық-түлік салығы, панасыз балалар, Америка әкімшілік көмегі.

¹*Candidate of Historical Sciences, Professor
Kazakh National Pedagogical University named after Abai
Kazakhstan, Almaty, jumagulov-bolat @ mail.ru,*

²*Candidate of Historical Sciences, Professor
Kazakh National Agrarian University
Kazakhstan, Almaty, salkynbek.dosaly @ mail.ru,*

³*Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
Kazakh National Pedagogical University named after Abai
Kazakhstan, Almaty, ermukan_erkin@mail.ru*

FAMINE IN THE COUNTRY IN 1921-1922: CAUSES AND CONSEQUENCES

Abstract

The article analyzes the causes and consequences of the fact that the country has experienced three famines since the establishment of Soviet power.

The policy of "military communism" during the drought of 1921-1922 was a severe blow to agriculture and led to the spread of famine. During the years of civil strife, the fact that a large part of the population's food was taken for free by the state did not go unnoticed. Especially in Uralsk, Orenburg, Kostanay, Bokei, Aktobe provinces, the drought killed a lot of livestock. The locals were starving. The situation of homeless children was dire. Various infectious diseases and deaths have increased in the country. The state of health care in the country was not critical. This was compounded by the recklessness of local leaders in collecting food taxes and the actions of gangs. During the famine, the leadership of the autonomy took a number of measures. Field hunger commissions have been set up. Homeless children were placed in orphanages and special places, and even in other republics and foreign countries.

The International Committee of the Red Cross (ICRC) and the United States have provided humanitarian assistance to help end the famine. The effects of the nearly three-year famine were severe. During these years, about 1 million Kazakhs died of starvation.

Keywords: famine, military communism, drought, food tax, homeless children, American administrative aid.

Б.С. Жумагулов¹ Д.И. Салкынбек² Е.Н. Ермуканов³

¹*Кандидат исторических наук, профессор,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Казахстан, Алматы, jumagulov-bolat @ mail.ru*

²*Кандидат исторических наук, профессор
Казахский национальный аграрный университет
Казахстан, Алматы, salkynbek.dosaly @ mail.ru*

³*Кандидат исторических наук, доцент
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Казахстан, Алматы, ermukan_erkin@mail.ru*

ГОЛОД В СТРАНЕ В 1921-1922 ГОДАХ: ПРИЧИНЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ

Аннотация

В статье анализируются причины и последствия того, что с момента установления Советской власти страна пережила три голода.

Политика «военного коммунизма» в период засухи 1921-1922 годов нанесла серьезный удар по сельскому хозяйству и привела к распространению голода. В годы междоусобиц не остался незамеченным тот факт, что большое количество еды было взято

в пользу государства бесплатно. Особенно в Уральской, Оренбургской, Костанайской, Бокейской, Актюбинской областях из-за засухи погибло много скота. Местные жители голодали. Положение бездомных детей было ужасным. В стране участились различные инфекционные заболевания и смертность. Состояние здравоохранения в стране критично. Это усугублялось безрассудством местных лидеров при сборе налогов на продукты питания и действиями банд. Во время голода руководство автономии приняло ряд мер. Созданы местные комиссии для помощи голодным. Бездомных детей помещали в детские дома и специальные места, и даже в другие республики и зарубежные страны.

Международный комитет Красного Креста (МККК) и организация «АРА» (США) оказали помощь голодающим. Последствия почти трехлетнего голода были серьезными. За эти годы от голода умерло более 1 миллиона казахов.

Ключевые слова: голод, военный коммунизм, засуха, продовольственный налог, беспризорники, американская административная помощь.

Кіріспе. Еліміздегі 1921-1922 жылдардағы аштықтың салдарларын жекелеген авторлар болмаса күні бүгінге дейін жеткілікті дейгейде зерделенбей келеді. 2020 жылдың қарашасындағы мемлекет басшысының тапсырмасымен арнайы республикалық ауқымда комиссиялар құрылып, қолға алынуы көтеріліп отырған мәселенің қаншалықты өзекті екенін аңғартса керек.

Материалдар мен әдістер. Мақала тарихи сабақтастық арнасында деректерді салыстырмалы талдау әдістері мен басқа да тәсілдер арқылы тарихи шындықты айқындауға күш салынды.

Талқылау. Қазақстандағы 1921-1922 жылдардағы аштық тарихымен тарихшы-ғалымдар С.О.Смағұлова, Қ.С.Алдажұманов және тағы басқалар айналысып, проблеманың шетін аспектілерін өз зерттеулерінде көтерген болатын.

Зерттеу нәтижелері. Еліміздегі 1921-1922 жылдардағы аштықтың себептері мен салдарлары жүйелі түрде хронологиялық сабақтастықта сараланады.

Қорытынды. Мақалада Қазақстандағы 1921-1922 жылдардағы аштықтың өрістеуіне ықпал еткен қуаңшылықпен қатар Кеңес өкіметі саясатының зардаптары ашылып, оның аймақтардағы салдарлары мұрағат деректері негізінде ашып көрсетіледі

XX ғасыр басында Ресей империясының құрамындағы бүкіл Азия халықтарының ішінде сандық көрсеткіш бойынша көш басшы болып отырған халқымыздың саны Кеңес өкіметі орнағаннан кейін күрт кему бастады. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі арадағы оншақты жылдың ішінде халқымыз зұламат аштықты басынан үш рет өткізді. Алғашқысы үш жылға созылған Азамат соғысы жылдары болды. Қайраткер тұлға Мұстафа Шоқай «Кеңестер билеген Түркістан» деген еңбегінде 1918-1919 жылдары Түркістан өлкесінің халқы аштықтан 1 миллион 114 мың адамынан айрылды деген мәлімет келтіреді. Қазақстанда болған зұламат аштықтың екінші кезеңі 1921-1922 жылдары болды. Тарихи еңбектерде осы жылдары халқымыз басынан кешірген аштық зұламаты аз жазылып жүргендіктен осы мәселеге кеңірек тоқталуды жөн көрдік. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Қазақ халқының тұңғыш рет өз жеріндегі пайыздық көрсеткіші төмендей бастады. Қазақ жерін мекендеп отырған орыс және басқа халықтарды қосқанда олардың үлестік пайызы артып шықты. Оның басты себебі бодандыққа түскен халқымыз бұғаулы күйде «жемісін құзғындар» көрген әртүрлі утопиялық арандатулар мен эксперименттер тәжірибесінің құрбандығына айналуынан еді.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін алғашқы халық санағы 1920 жылы тамыз айында жүргізілді. Бұл санақ бойынша Қазақ АКСР-ның құрамына кіретін территориядағы халық санағы жөніндегі мәлімет мынадай: (1 кесте) [1,1].

№	Губерниялар мен уездер	Барлығы		Екеуін қосқанда	Қазақтар		Екеуін қосқанда
		ер	әйел		Ер	әйел	
1	Орынбор	336610	401445	738.055	11415	9271	20686
2	Ақтөбе	231220	218179	449339	168258	149883	318141
3	Қостанай	210400	217636	428036	86828	73210	160038
4	Торғай уезі	47086	41517	88603	46751	41220	87971
5	Бөкей	124055	115832	239887	116574	107402	223976
6	Орал	238267	262282	500549	157488	150325	307813
7	Ақмола	593683	593772	1187459	241121	204226	445347
8	Семей	531123	516681	1047804	301794	264178	565972
9	Адай уезі	51983	49488	101471	50891	48475	99366
Барлығы	Қазақ АКСР бойынша	2364431	2416832	4.781.263	1181120	1048190	2.229.310

Азамат соғысының зобалаңы, экономикалық қиыншылықтар, әр аймақтардағы қарулы қақтығыстар мен бас көтерулер онымен қоса енді ғана құрылған Қазақ автономиясының аумағы әлі толық қалыптасып болмаған (Сырдария мен Жетісу облыстары қосылмаған кез) кезеңде жүргізілген бұл санақ автономия аймақта халық санының шынайы көрсеткішін бере алмады.

1921-1922 жылғы қарсыз әрі ұзаққа созылған қыстан кейін қуаңшыл жаз келді. Бұл қуаңшылықпен қоса ашаршылықтың негізгі себептерінің бірі азамат соғысы жылдарында Кеңес өкіметі жүзеге асырған «Соғыс коммунизм» саясатының ауыл шаруашылығына аса ауыр соққы болып тигенін және ашаршылықтың кең өрістеуіне себепші болғанын айтуымыз керек. «Әскери соғыс коммунизм» саясатының шарттарына сәйкес азамат соғысының алғашқы екі жылында 1918-1919 жылдары ақгвардияшылар басып алмаған және олардан азат етілген Қазақстанның оңтүстік, орталық, батыс аудандарындағы халықтан миллиондаған мал басы мен қыруар азық-түлік қорлары халықтан ешбір ақы төленбей мемлекет пайдасына алынған. Бұл шаралар «Национализациялау», «Конфескелеу» деген ұрандар арқылы жүргізілді. 1920 жылы Қазақстан шаруаларынан 44 миллион пұт астық, 5 миллион пұт ет, 333 мың пұт май және басқа да көптеген ауылшаруашылық өнімдері жиналып, Ресейдің орталық аудандарына жіберілген [2, 14 б.]. Сондай-ақ Орал, Орынбор, Қостанай, Бөкей, Ақтөбе губернияларындағы егілген егін қуаңшылықтан шықпай қалған және мал басының жаппай қырылуына әкеп соқтырған. Міне осындай жағдайлардан кейін 1921 жылдың күзіне қарай Қазақ АКСР-іне қарайтын жеті губернияның бесеуінде Орынбор, Ақтөбе, Қостанай, Орал, Бөкей губерниялары тұрғындары аштыққа ұшырады. Әсіресе жас балалардың жағдайы өте ауыр болды. 1921 бүкіл Қазақ АКСР-і бойынша 128 мың бала ата-анасынан айырылып балалар үйіне орналастырылса, олардың саны 1922 жылдың наурызына дейін 480 мыңға жеткен. Аштық көптеген ауруларды туғызып, емханалардың жетіспеушілігінен олардың көбі қаза тапты. Денсаулық сақтау комиссариатының мәліметтері бойынша аштықтың салдарынан халық арасында халеро ауруынан 11778 адам өлген. Және сүзек, шешек тағы басқа жұқпалы аурулар өршіп 1921 жылдың 1 қаңтарынан 15 маусым аралығында 10.230 адам өлген, 88459 адам ауруға ұшыраған.

Республикалық денсаулық сақтау комиссариатының 1922 жылғы 16 ақпанында болған мәжілісінде Ақтөбе губерниясындағы денсаулық сақтау саласының жағдайы қаралды. Мәжілісте Ақтөбе қалалық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі баяндама жасап: Ақтөбе губерниясындағы денсаулық сақтау орындарының жағдайы өте ауыр екенін, аурулар төсек орынсыз, жамылғысыз ашық тақтайлар үстінде жатқанын, балалар өлімінің өте көп мөлшерде екенін, қаржының жоқтығынан 2500 мәйіттің көмусіз жатқанын мәлімдейді [3, 11].

Қуаңшылық, азық-түлік салығын жинаудағы жергілікті басшылардың бассыздығы, бандылық топтардың халықты тонауы, жұт мал басының күрт кемуіне алып келді. Мәселен, Орынбор губерниясындағы мал басы 51%, Ақтөбе губерниясында 88%, Орал губерниясында 84%, Қостанай губерниясында 77%, Бөкей губерниясында 85%-ға қысқарған. Республикадағы 4 губернияда жылқы малы 1.370.235 басқа азайып кетуіне байланысты оның зардабы егін шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтарға да тиді. Егін шаруашылығына қажетті жылқы малы жетіспеді.

Қазақ кеңестік автономиясының халқын қамтыған 1921-1922 жылдардағы аштыққа қарсы сол кезеңдегі автономия басшылығы қыруар кемшіліктерге қарамастан аштыққа қарсы іс-шаралар жүргізді. Азық-түлік комиссиясы жанынан ашыққандарға көмек комиссиясы құрылды. Бұл комиссия ашыққандарға көмек көрсету үшін жергілікті жерлерде комиссиялар құрды. 1922 жылы ата-анасынан айырылған балаларды тамақпен, киім-кешекпен қамтамасыз ету үшін 575 балалар үйі мен 9 балалар қабылдайтын орындар ашылды. Мұндағы балалар санының өте көп болуына байланысты оларды басқа республикаларға, шет мемлекеттерге жіберген. Мәселен, Ресей федерациясының әртүрлі губернияларына 18496 бала жіберілсе, Түркістан АКСР-не, Польшаға, Литваға 1921 жылдың бірінші қаңтарына дейін 51352 бала жіберілген[4,19]. Ашаршылыққа ұшырағандарға көмек комиссиясының ұйымдастыруы бойынша Ресей Федерациясының губернияларынан, Түркістан АКСР-нен, Қызыл крест ұйымынан және Америка құрама штатына қарасты «Ара» (Америка әкімшілік көмегі) және «Квакерлер» тарапынан азық-түлік, киім-кешек, дәрі-дәрмек және ақшалай көмек көрсетілді. Осы көмектердің нәтижесінде ашаршылықпен күрес комиссиясы жер-жерлерде асханалар ұйымдастырды. Бұл асханалардан 677192 адам оның 254463 ересек адам, 422729 бала тамақпен қамтамасыз етілген.

Қазақстанның батыс аудандарында болған 1921-1922 жылдардағы зұлмат аштық жөнінде Адай уездік ревкомының өкілі РК(б)П мүшесі Садық Жұбаев Қазақ Орталық атқару комитетіне жазған хатында: аштыққа ұшырағандардың жағдайы, жергілікті милиция өкілдері мен азық-түлік органдарының қылмыстық әрекеттері, бандылардың жергілікті шаруашылықтарды қиратуын, жергілікті биліктің кеңес өкіметінің саясатын дұрыс жүргізбей әділетсіздіктер істеуін ашына баяндайды. Халық арасында болып жатқан аштықты оның себеп салдарын өз көзімен көрген және аштыққа ұшыраған халыққа көрсетілуі қажетті көмекпен ұсыныстарға тоқталған ұлт жанашырының хатының негізгі бөліктерінен үзінді беруді жөн көріп отырмыз:

Орталық Атқару комитетіне, көшірмесі обкомға

Адай ревкомының өкілі және РК(б)П мүшесі Садық Жұбаевтан

1. Ашыққандардың жағдайы.

2. Аштықтың басқа да себептері:

а) Милиционерлер мен азық -түлік органдарының қылмыстық әрекеттері.

б) Бандылардың жергілікті шаруашылықтарды қиратуы.

в) Жергілікті билік органдарының әділетсіздіктері.

Орынбордан форт Александревскиге кері қайтар жолда мен Орынбор, Ақтөбе губернияларының және Адай уезінің далалық аудандарымен жүрдім. Қазақ ауылдары арқылы өтіп, санасыз элементтердің орталықтың саясатын жүргізудегі бассыздықтары жөнінде және аштыққа ұшыраған халықтың адам төзгісіз жағдайы жөнінде мәліметтер алдым. Республика азаматы және РКП(б) мүшесі ретінде Қазақ Орталық атқару комитетіне және обкомға осы жөнінде хабарлауды өзімнің парызым деп санаймын. Орталықтан алыс жатқан аймақтарда болып жатқан бассыздықтарды түзету жөнінде ұсыныстарымды айтамын:

1) Жайықтан Ембіге дейінгі қазақ даласын адам айтқысыз аштық жайлаған. Үлкен жолдар мен кішігірім жолдардың бойы өлген адамдардың мәйіттеріне толған. Ашыққандар топ-топ болып (бес және он адамнан) ауылдан-ауылға сенделуде. Қырғыздардың (Қазақтардың) 90% аштыққа ұшыраған. Олар иттерді, мысықтарды,

сарытышқандарды жеуде. Аштықтың қорқыныштылығы соншалық олар балаларын жол бойларында тастап кетуде және өздері өлтіруде. Аштықпен ілесіп жүретін холера, сүзек, шешек және тағы да басқа аурулар адамдарды баудай түсіруде.

Ауылдардағы тұрғын үйлерде аштықтан өлген адамдардың сүйегі ондап, үйіліп қойылған. Барлық болыстарда ауқатты қазақтар жанұясы 30 және 60 ғана, ауылдарда оншақты ғана малы бар ауқаттылардың саны 10-нан аспайды. Олардың үйлерінде аштықтан жәрдем сұрап келген 20-30 туыстары бар. Ауқаттылар оларға ешқандай биліктің шешімінсіз-ақ көмектерін көрсетіп жатыр.

Олардың тұрғын үйлері тозған және оның жағдайы адам шыдағысыз. Үкіметтік көмек мардымсыз. «Ара» (Америка әкімшілік көмегі) көмегі темір жолдың шалғайлығына байланысты өз уақытында жетпей жатыр. Және мұның өзінде де қазақтарға сенімсіздік көрсетілуде. Мәселен, «Ара» ұйымының тамақ пунктінің меңгерушісі ауылдарда тек орыстардан тұрады.

Қазақтардың, Алаштықтардың, Кеңестердің билігінің бірінен соң бірінің ауысуы, 1921 жылдың жазы мен 1922 жылдың қысында бандиттік топтардың (Серов және тағы басқалар) ауылдарды тонап кетуі, үш жылдық қуаңшылық, 1920-1921 жылдардағы жұт және жергілікті биліктің жүгенсіздігі шаруашылықты түпкілікті күйзеліске ұшыратқан. Ойыл және басқа аудандардың ашыққан халқы Адай уезіне, Қоңыратқа және Хиуаға қарай ағылуда. Олар 1921 жылдың жазынан бері келе жатыр, қазір олардың саны бұрынғыдан да көп. Үкіметтік көмекке деген олардың ешқандай да үміті жоқ.

Істелетін шаралардың жобасы:

1. Ақтөбе губерниясының Ойыл ауданына ерекше назар аудару қажет. Өйткені, темір жолдың шалғайлығына байланысты «Ара» ұйымынан ешқандай көмек көрсетіліп отырған жоқ.

2. Аштықтың себептерін анықтау және тез арада бір минутта кешіктірмей көмек көрсету үшін ашыққан аудандарға Орталық атқару комитеті мен ашыққандарға көмек комиссиясының өкілін жіберу.

2) Милиционерлер мен азық-түлік органдарының қылмыстық іс-әрекеттері

Милиционерлер, қазақ ауылдарындағы азық-түлік органдарының агенттері, бастықтар, соттар қазақтардың өмірі мен дүние-мүліктеріне бақылаусыз иелік етуде. Құқық сақшыларының бассыздығы, пәре алуы, пәре беруге мәжбүрлеуі әдетті құбылысқа айналған. Жәбірленген азаматтар ешқандай да қорғау көре алмай отыр. Өйткені, құқық сақшыларының байланысы күшті болғандықтан, жәбірленушілердің өздері кінәлі болып шығады. Мәселен, Ақбұлақ ауданының қазақтары «Қызыл-Орыс» деген бүркеншек атпен айтатын Подольский деген біреуден қатты қорқады. Бұл «Қызыл-Орыс» өзінің жеке мақсаты үшін ақша, мал, жылқы жинауда. Оның айтқан сөзі бұл жерде заң. Ол тұтқынға алады және өзіне қарсылық көрсеткендерді атып тастаймын деп қорқытады. Мәселен, ол Сарыбай мен оның әйелін атып тастаған.

2. а) Бұл аймақтардағы барлық милиционерлерді тазартып, оларды қазақтардан қойып, қоғамдық бақылауға алу керек. Бұл саланың басшылық орындарына ары таза, саяси сауатты адамдарды адамдарды отырғызу. Қазақ ауылдарына өкілдерді кеңестер арқылы жіберу. Азық-түлік органдарының агенттерінің барлығын кеңінен тазалауды жүргізу қажет.

б) Ашаршылыққа ұшыраған халықтың шаруашылығын бандиттердің келуі түпкілікті күйзеліске ұшыратты. Олар жолындағысының бәрін қиратып, малдарды, ақшаларын, азық-түлігін, киім-кешектерін тартып алған.

б) Азық-түлік комиссариаты мен жер шаруашылығы комиссариаты ашыққан губерниялардың халқына мал және себетін дәнді дақылдар алу үшін көмек көрсетуі қажет.

в) Жергілікті басшылардың әділетсіздігі:

Түкке тұрғысыз істер үшін жатып соғарлар кең түрде мандат алып патша билігі кезіндегі сияқты ауылдарға барады. Кеңес өкіметінің декреттері өмірге енгізілмеген. Қазақ тіліндегі әдебиеттер, газеттер мұнда келмейді. Халық мүлде ұмытылған. Белсенділік және іскерлік жаншылған. Кеңестік қызметкерлерге сенбейді, олардан «Тажал» сияқты қашады және жек көреді. Кеңес өкіметінің заңдары мен идеяларын ертеден келе жатқан халық мәтелдерінде айтылған: «Кеңесті ел азбас, кең пейіл ел тозбас» деп қабылдағысы келеді.

Ең бірінші кезекте Ақтөбе губерниясының Ойыл, Ақбұлақ аудандарында және Орал облысының Гурев, Калмыков аудандарына және басқа аудандарға қызыл керуен жіберу.

2. Бұрынғы кеңес қызметкерлерін ҚАКСР басқа аудандарына ауыстыру.

3. Өз орындарына лайықсыз және кеңес өкіметінің саясатынан халықты қашырып отырған Ойыл ауданының басшы қызметкерлерін тез арада орындарынан алу.

4. Кең көлемдегі құқыққа ие орталықтың өкілін жіберуді сұраймын [5,31].

Қазақ орталық атқару комитетінің төрағасы С.Меңдешов 1922 жылы 13 шілде күні ҚОАК-нің үшінші сессиясында сөйлеген сөзінде: «Ашаршылық мыңдаған адамдардың өмірін қиды. Халық шаруашылығы жартылай қираған және құлдыраған. Ашаршылыққа ұшырағандардың денсаулығы қатты әлсірегендіктен олар ауыр жұмыстарды атқаруға жарамсыз. Көптеген балалар ата-анасыз қалды. Наурыз және сәуір айларында ашыққандардың жоғарғы көрсеткіші 2.303.320 адамға жетті. Ашыққандарға көрсетілген көмектің және көктемнің жылы болуына байланысты олардың жағдайы қазір жақсара бастады», - деген болатын [6, с.2.].

Қазақ автономиясының негізгі бөлігін қамтыған 1921-1922 жылдардағы аштықтан кейін автономияның өз ішінде халық санағы тағы бір рет жүргізіліпті. Бұл санақтың мәліметтері бойынша 1923 жылдың бірінші қыркүйегіне дейін автономия территориясындағы халық санағы былайша көрініс тапқан: (2-кесте) [7,20].

№	Губерниялар	Барлығы	Оның ішінде қазақтар	жалпы халық санының ішіндегі қазақтардың % құрамы
1	Семей	1047804	528765	50.5
2	Ақмола	1187459	374164	31.6
3	Орынбор	738055	14146	2.0
4	Қостанай	428036	123745	28.9
5	Орал	500549	232704	40.9
6	Ақтөбе	444399	238374	53.6
7	Бөкей	239887	167571	60.9
8	Адай уезі	101475	101147	99.6
9	Торғай уезі	77755	77229	81.9
	Жалпы Қазақ АКСР бойынша	4.765.415	1.857.850	38.9

Бұл санақ мәліметтері мен 1920 жылы жүргізілген халық санағының мәліметтерін салыстырып қарасақ жалпы Қазақстан халқының саны азаймағанымен де, тікелей қазақ халқының саны 371 мың 460 адамға ғана кемігенін байқаймыз.

Үш жылға жуық созылған алапат аштық оған қоса көрші одақтас республикаларға қарай жан сақтау үшін қоныс аударудың салдары халқымыз үшін өте ауыр зардаптарын тигізді. Сондықтан да, аштыққа ұшырап, қаза тапқан қазақ халқының саны 371 мың 460 адам болды деген дерек тарихи демографиялық санақ тұрғысынан алғанда шындықтан алыс жатыр. Ал шын мәнісінде бұл жылдары аштықтан 1 миллионнан аса қазақ халқы қаза тапты.

Әрбір тәуелсіз мемлекеттің жоғын түгендеп, тарихи санасын жаңғыртуы заңды нәрсе. Халқымызда «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген аталы сөз бар. Сондықтан да ХХ ғасырдың 20 жылдарының бас кезінде болған зұлаMAT аштық тарихын зерттеу және шынайы бағасын беруде алдымызда үлкен жұмыстар тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. 140-қ, 1-т, 73-іс, 1-п.
2. Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, 2006. 14 б.
3. ҚР ПМ. 139-қ. 1-т, 331-іс, 11-п.
4. ҚР ПМ. 139-қ. 1-т, 336-іс. 19-п.
5. ҚР ПМ. 139-қ. 1-т, 383-іс. 31-п.
6. III сессия КурЦИКа. Полный стенографический отчет. 8-18 июля 1922 года. Оренбург, 1922. с 2.
7. ҚР ПМ. 139-қ. 1-т, 662-іс, 20-п.

List of usus est litteris:

1. Lorem ipsum dolor sit Praeses Reipublicae Kazakhstan. Item 140, item 1, casu 73, item 1
2. Historia. An encyclopedic pomponius libro. Almaty, 2006. 14 p.
3. Status Archivo Reipublicae Kazakhstan. Item 1 Articulus 139, case 331, item 11.
4. Status Archivo Reipublicae Kazakhstan item 1 Articulus 139, casu 336. Item 19
5. Status Archivo Reipublicae Kazakhstan item 1 Articulus 139, casu, 383. Item 31
6. III sessionis Kirtsik. Plena stenographic fama. July 8-18, 1922. Orenburg, 1922. a 2.
7. Status Archivo Reipublicae Kazakhstan. Item 1 Articulus 139, casu 662, item 20.